

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№21 (448)
15 мамыр,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

**ҚҰРМЕТТІ
АРШАЛЫЛЫҚТАР!**
Тазалық – денсаулық
кепілі. Ауламыз
таза, көшеміз таза,
ауылымыз таза болса
қандай ғанибет.
Үлкеніміз, кішіміз бір
уақыт айналамыздың
тазалығына
назар аударып,
күнделікті сенбілік
ұйымдастыруды
әдетке айналдырайық.

Ешкім де ешқашан да ұмытылмайды

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА

Аршалы кентінің орталық алаңында Ұлы Отан соғысындағы жеткен Жеңіске 70 жыл толған мерейлі тойы аталынып өтті. Бұл күні үйінде ешкім де қалмағандай алаңдық толды. Күн райы бұзылып тұрғанына қарамастан үлкені-кішісі осы кезде майдан жылдарын аманаттап жүргендей болып тұрған үш ардагерден көздерін алмады. И. Купин, Г. Беляев, В. Веннедиктов.

Салтанатты шара басталғанда ортадан «Мәңгілік батальон» акциясымен ұйымдастырылған топтың легі өтті. Ауданның үлкені мен жасы сол бір сұрапыл соғыста қаза тапқан, аман келіп еңбек етіп, бейбіт өмірді көріп кеткен жауынгер – туыстарының суреттерін қолдарына ұстап, мәпелеп жүрді. Бұл естелік, бұл үлгі, бұл ұмытылмас ұрпақ жалғасы!

Ардагерлер мен осы шараға қатысып жатқан барша жұртшылықты аудан әкімі Жомарт Жұмағалиұлы Нұрқенов шын жүректен құттықтады. Аға буынның аса үлкен ерлігі мен жігерлілігінің арқасында осы бақытты күнде өмір сүріп жатқанымыз үшін ризашылығын білдірді. Әлі де арамызда жүре берулеріне тілек айтты.

Кеуделері толы орден, медаль. Ал жүректерінде сол жылдары көз алдарында отан үшін жан берген қарулас достары, соғыстан кейінгі жылдардағы араласқан қатарларының сиреп кеткеніне деген мұң тұрды. Бүгінгі ұрпақтың құрметіне әрине риза, алайда осы күнді сол кезде жеңіп шығамыз деген ақ арманды арқалаған өзге де жауынгерлердің көре алмағаны өкінішті. Г. Беляев осы туралы сөз қозғағанда еріксіз көзіне жас алып, жиналғандарды да жылатты. Ал И. Купин болса осы жасқа келгеніне қарамастан бірнеше шумақ өлең жолдарын ұмытпай жатқа оқыды. Қандай асылдың сынығы десеңізші! Соғыс та, жылдар да мұқалта алмаған.



Содан кейін жас толқынның ақ тілегі айтылды. Төпелеп жауған жаңбырға қарамастан адамдардың барлығы да сахна төрінен көздерін алмады.

Соғыста қаза тапқан жауынгерлерге орнатылған ескерткіштегі «Мәңгілік от» алауына гүл шоғын қою рәсімі басталды. Аудан әкімі мен үш ардагер шығып, тағзым етіп, алқызыл гүл шоқтарын қойды. Бұл сол бір сұрапыл соғыс қаһармандарына деген мың тағзым мен жүректегі ыстық құрмет еді.

Содан кейін ауданның барлық ұйымдары, бөлімдер, кәсіпорын, шаруа қожалықтары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, тіпті қарттарымыз



да гүл қойып, тағзым жасауды жалғастырып жатты. Балалар шығармашылығы орталығының бүлдіршіндерінің арнайы әскери киім киген тобының ескерткішке гүл қойып, аппак шарды ұшырғаны ерекше сезімге бөледі.

Суық жаңбырдың астында тұрған адамдар сол бір соғыстың ызғарын сезінгендей әсерде тұрғаны анық еді. Бұл бір-екі сағатқа созылатын сынақ. Ал сонау соғыс жылдары осындай жаңбырдың астында күні-түні жатып, жаудың бетін қайтарған аға буынның шыдамдылығына қалайша бас иеміз?!

Ардагерлерміздің үстіне арнайы плащ жауып, қол шатырмен суық жаңбырдан қорғаған топ оларды әскери саптың өтетінін көрулері үшін арнайы қойылған орындықтарға апарып жайғастырды. Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалып, аудан аумағында орналасқан әскери бөлімшелердің, сонымен қатар аудандағы мектептердің жоғарғы сынып оқушыларынан құрылған топтарының әскери шеруі өтті. Арнасай округіндегі десанттық-шабуылдаушы бөлімшесінің десаншыларының қойылымын тамашаладық. Лайым, олардың бұл ұрысы мемлекеттің бейбіт өмірінің сақшылары ретіндегі дайындық ұрысы ғана болсын. Соғыс деген енді аталмасын. Бейбітшілік мәңгі орнасын. Ардагерлерге Жастар орталығы ғимаратында арнайы солдаттық боткасы ұсынылды. Концерттік бағдарлама алаңдағы сахнада да Жастар орталығының ішінде де жалғасып жатты. Осылайша Жеңістің 70 жылдығына орай шара мәресіне жетті. Біздің еліміздің татулығы мен достығы, қонақжайлылығы мен мейірімділігі, ынтымақ пен берекелілігі арта берсін.

М.АЖЫҚАНОВА,

Суретте: Алаңдағы мерекелік шарадан үзінді
Суретке түсірген: **Р.САМКОВ**



Біз – қазақстандықтармыз!

БІР ОТБАСЫЛЫҚ БІРЛІК



Мамыр айының алғашқы күнінен бастау алған мерекелер легін газет бетінде жариялап үлгермей жатырмыз. Аудан орталығында 1 –ші мамыр күні керемет аталынып өткен еді. Аудан орталығындағы алаңда «Нұр Отан» партиясымен қатар «Жас Отан» жастар қанатының бастауымен әрбір ұлттың ұлттық киімін киіп, бір мақсатта, бір бағытта, жарқын болашақ үшін өмір сүріп жатқан көп ұлтты мекеннің достығы мен бірлігін насихаттаған ауданның барлық саласындағы ұйымдардың шеруі әдемі өтті. Бұл шарадан тыс қалмаған барлық аршалылықтарды шын жүректен шыққан лебізімен аудан әкімі Ж.Нұркенов құттықтады.

- Бүгінгі таңда Аршалы ауданы көп ұлтты ауданның бірі. Әрбір ұлт өкілі үшін ауданда өз пікірі, өз ойы, өзінің мемлекеттің дамуына қосып жатқан өз үлесі бар. Ауданымызда шағын, орта бизнес дамып келеді. «ЭКСПО-2017» біздің аудан үшін өте маңызды. Сол көрме шеңберінде біздің талай экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларымыз жүзеге асырылмақ. Аса маңыздысы спорт, білім, денсаулық, мәдениетті көтеру. Ол біздің қолымыздан келеді. Жуықта 26 сәуірде өткен сайлау қорытындысының көрсеткіші біздің жерлестеріміздің өте белсенді екендігін, жауаптылықтары зор, бірліктері мықты екендігін көрсетті. Ендеше Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: Бір ел, бір мемлекет, бір тағдыр, - деген ұранды сөзін ұстанып, тек қана алға жылжитынымызға сенім артамын. Мереке құтты болсын, - деді Ж.Нұркенов.

Келесі кезекте мәслихат хатшысы

Ю.К.Сериков пен еңбек ардагері Б.П.Омельничий құттықтауын айтты.

Бірлік күнін мереке-леу қарсаңында аудан әкімі Ж.Нұркенов Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарды су тасқыны барысындағы жұмыстарға белсенді қатысқандары үшін «Аршалы Су-2030» ШЖҚ МКК басшысын, Аршалы ауданының ішкі істер бөлімінің басшысын, ТЖ бөлімі мен аудандық аурухана басшыларын, «Казгерстрой» ЖШС, «Ив-рус» ЖШС, «КазШПал» АҚ, «Ар-када Индастри» ЖШС, ШҚ «Су-раев» ШҚ «Раха», ШҚ «Старт», «Нововладимировка» ЖШС, ШҚ «Питковский», «Мостстрой отряд» 25 им. А.Рязанова» ЖШС, Бұланды ауданының мамандандырылған № 8 өрт сөндіру бөлімі, № 3 Аршалы орта мектебінің ұйымы және Орталық мектеп ұйымына алғысын білдірді. Қоғамдық өмірде көптеген шараларға белсене қатысып, ауданның абыройын асқақтатып жүрген музыка мектебінің ұстазы Л.С.Гуренко мен А.С.Иманмұсаеваға да алғыс тартуын жасады. Осындай құттықтаулардан кейін сахна төрінде ауданының өнерпаздарының тамаша концерттік бағдарламасы жалғасын тапты.

Ауданда әрбір мереке өз деңгейінде өткізілуі дәстүрге айналған еді. Әрбір мерекеде өздерінің қосып жатқан үлестері үшін назарға ілініп жатқандарының қуаныштарында шек жоқ. Қашан да еңбек еленіп, адамға деген құрмет көрсетіліп жатса ғана қоғамда береке мен бірлік мәңгілік орын алары анық.

М.АХМЕТҚЫЗЫ

Суретте: Аудан алаңындағы 1-ші мамыр мерекесінен үзінді

Суретке түсірген: **Р.САМКОВ**



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АРШАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

Аршалы кенті № 41/3 2015 жыл 22 сәуір

«2014 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы туралы» жылдық есептемені бекіту туралы

Аудандық бюджеттің орындалуы бойынша өкілетті органның – ауданның экономика және қаржы бөлімінің есептемесін тыңдап және талқылап, аудандық мәслихат атқарушы органдармен, бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бюджеттік қаражаттарды тиімді қолдану бойынша нақты жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Аудан бюджетінің кіріс бөлігі 100,2 % орындалды, бұл 2013 жылдың кірістерімен салыстырғанда 7,8% көп. Аудан бюджетінің кірістерінің көбеюі трансферттер түсімінің көбеюіне байланысты, анығырақ айтқанда, 2014 жылы трансферттер 2013 жылмен салыстырғанда 5,1% көп түсті, сонымен қатар өзіндік кірістердің өсу серпіні байқалады. 2014 жылы өзіндік кірістердің түсімі 709,8 млн.теңгені құрады немесе жоспарға қарағанда 101,0% құрады, 2013 жылғы түсіммен салыстырғанда 12,2% көп, 2012 жылғы түсіммен салыстырғанда 22,2% көп.

Сонымен қатар, бюджеттің орындалу мәселесінде бір қатар жетіспеушілік пен олқылықтар бар.

Бюджеттің шығыс бөлігі 97,1% орындалды. 2014 жылғы игерілмеген қаражаттар сомасы 91,3 млн. теңгені құрады.

Ауданға республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген нысаналы трансферттер толық көлемде игерілмеді.

2014 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы трансферттердің игерілмеуі 84,3 млн. теңгені құрады, олардан республикалық бюджет – 8,4 млн. теңге, облыстық бюджет – 75,9 млн. теңге.

Игерілмеудің ең үлкен сомасы келесі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша - «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, (71,1 млн. теңге), «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ (11,2 млн. теңге), «Аршалы ауданының ветеринария бөлімі» ММ (6,7 млн. теңге) қалыптасты.

Былтырғы жылдың басымен салыстырғанда 2015 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша кредиторлық бересінің 8,3 млн. теңгеге өсуі байқалады немесе 2,6 есеге және дебиторлық бересінің өсуі 57,8 млн. теңгені құрады немесе 1,5 есе.

Аудан бюджетін орындау кезіндегі жұмыстардың жете жүргізілмегендігінің орын алуы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді жүргізілмегенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 132 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Аудандық бюджеттің орындалуы бойынша өкілетті органның – ауданның экономика және қаржы бөлімінің 2014 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы туралы есептемесі мәліметке алынсын.

2. 2014 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы туралы есептеме осы шешімнің қосымшасына сәйкес, келесі көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер 3 141 487,4 мың теңге, соның ішінде : салықтық түсімдер – 646 248,9 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 8750,2 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсім – 54756,9 мың теңге; трансферттердің түсуі – 2 431 731,3 мың теңге;
- 2) шығыстар 3 099 080,7 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік несиелеу 42957,4 мың теңге; бюджеттік несиелер 51768,3 мың теңге; бюджеттік несиелерді өтеу 8810,8 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 14000 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу 14000 мың теңге;
- 5) бюджеттің тапшылығы (профициті) -14550,7 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті қолдану) 14550,7 мың теңге;

қарыздардың түсуі 51768,3 мың теңге; қарыздарды өтеу 7818 мың теңге; бюджет қаражаттарының қолданылатын қалдықтары -29399,6 мың теңге; Анықтама: қаржылық жылдың басына бюджеттік қаражаттың қалдығы 69771,1 мың теңге есептік кезеңнің аяғына бюджеттік қаражаттың қалдығы 99170,7 мың теңге. 3. Тексеру комиссиясының 2014 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы туралы есептеме-қорытындысы бекітілсін. 4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінген бюджеттік қаражаттарды толық игеру бойынша жұмыстарының кемшіліктері атап өтілсін. 5. Аудандық әкімдікке өзіндік кірістердің үлесін ұлғайту бойынша, сондай-ақ салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша қалыптасқан бересілерді толық өтеу бойынша мақсатты жұмыстарды жүргізу ұсынылсын. 6. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджетті сапалы, уақтылы және тиімді игеру, сондай-ақ, қаржылық бұзушылықты болдырмау мақсатында, бюджет қаражаттарын жоспарлау және орындау, тауарлардың және қызметтердің мемлекеттік сатып алуын өткізген кезде ҚР бюджеттік және басқа заңнамасының талаптарын бұлжытпай орындауға, кредиторлық және дебиторлық бересілерді өтеу бойынша және олардың қайта пайда болуын болдырмау мақсатында шаралар қабылдауға ұсыныс енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы **Э. АЛИЕВ**
Аудандық мәслихатының хатшысы **Ю. СЕРИКОВ**



Аршалы ауданының мәслихатының 2015ж. 22 сәуірдегі"2014 жылғы аудан бюджетінің орындалуы туралы!" жылдық есепті бекіту туралы"№ 41/3 шешіміне қосымша

2014 ЖЫЛҒА АУДАНЫДЫҚ БЮДЖЕТ

Бюджеттік бағдарламаның кодтары		Атауы	Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет	Есепті қаржы жылына түзілген бюджет	Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша төленген міндеттемелер
1		2	3	4	5
		I. КІРІСТЕР	3 890 213,9	3 134 623,3	3 141 487,4
		САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ	636 160,7	636 160,7	646 248,9
1		<i>Салықтық түсімдер</i>	<i>636 160,7</i>	<i>636 160,7</i>	<i>646 248,9</i>
01		Табыс салығы	31 766,0	31 766,0	32 975,5
	2	Жеке табыс салығы	31 766,0	31 766,0	32 975,5
03		Әлеуметтік салық	209 666,7	209 666,7	225 251,1
	1	Әлеуметтік салық	209 666,7	209 666,7	225 251,1
04		Меншікке салынатын салықтар	369 612,9	369 612,9	359 422,7
	1	Мүлікке салынатын салықтар	309 343,9	309 343,9	293 995,6
	3	Жер салығы	15 661,0	15 661,0	18 143,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	42 008,0	42 008,0	44 403,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2 600,0	2 600,0	2 881,1
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	20 913,0	20 913,0	23 846,0
	2	Ақшазилер	6 250,0	6 250,0	6 423,4
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін салықтар	6 250,0	6 250,0	8 017,4
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын салықтар	8 380,0	8 380,0	9 372,0
	5	Ойын бизнесіне салық	33,0	33,0	33,4
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәклеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар жұмыстар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 202,1	4 202,1	4 753,6
	1	Мемлекеттік баз	4 202,1	4 202,1	4 753,6
2		САЛЫҚТАН ТЫС ТҮСІМДЕР	14 531,3	14 531,3	8 750,2
		<i>Салықтық емес түсімдер</i>	<i>14 531,3</i>	<i>14 531,3</i>	<i>8 750,2</i>
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	573,9	573,9	652,3
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	127,2	127,2	127,2
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	430,0	430,0	512,5
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	13,0	13,0	8,8
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	3,7	3,7	3,7
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0,0	0,0	57,4
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0,0	0,0	57,4
06		Өзге де салықтық емес түсімдер	13 957,4	13 957,4	8 040,6
	1	Өзге де салықтық емес түсімдер	13 957,4	13 957,4	8 040,6
3		НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСКЕН ТҮСІМДЕР	52 200,0	52 200,0	54 756,9
		<i>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</i>	<i>52 200,0</i>	<i>52 200,0</i>	<i>54 756,9</i>
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	750,0	750,0	1 194,3
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	750,0	750,0	1 194,3
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	51 450,0	51 450,0	51 066,6
	1	Жерді сату	51 450,0	51 450,0	51 066,6
	2	Материалдық емес активтерді сату	0,0	0,0	2 496,0
4		ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	3 187 321,9	2 431 731,3	2 431 731,3
		<i>Трансферттердің түсімдері</i>	<i>3 187 321,9</i>	<i>2 431 731,3</i>	<i>2 431 731,3</i>
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 187 321,9	2 431 731,3	2 431 731,3
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 187 321,9	2 431 731,3	2 431 731,3
01		II. ШЫҢ БІЛІАР	3 945 982,7	3 190 392,1	3 099 080,7
		<i>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</i>	<i>225 735,2</i>	<i>225 735,2</i>	<i>225 735,1</i>
1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	207 921,6	207 921,6	207 453,6
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 234,0	16 234,0	16 230,2
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 234,0	16 234,0	16 230,2
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	65 153,2	65 153,2	65 064,4
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64 666,2	64 666,2	64 577,7
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	487,0	487,0	486,7
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	126 534,4	126 534,4	126 159,0
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	124 479,6	124 479,6	124 104,2
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 054,8	2 054,8	2 054,8
	2	Қаржылық қызмет	2 018,0	2 018,0	1 938,2
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 018,0	2 018,0	1 938,2
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	293,0	293,0	292,4
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	346,8	346,8	267,6
	011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 378,2	1 378,2	1 378,2
	9	Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	15 795,6	15 795,6	15 793,3
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 795,6	15 795,6	15 793,3
001		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатты қалыптастыру мен дағу, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 509,6	15 509,6	15 507,3
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	286,0	286,0	286,0
02		<i>Қорғаныс</i>	<i>2 362,0</i>	<i>2 362,0</i>	<i>2 361,9</i>
	1	Әскери мұқтаждар	2 362,0	2 362,0	2 361,9
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 362,0	2 362,0	2 361,9
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 362,0	2 362,0	2 361,9
03		<i>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</i>	<i>690,0</i>	<i>690,0</i>	<i>690,0</i>
	9	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	690,0	690,0	690,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	690,0	690,0	690,0
	021	"Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету"	690,0	690,0	690,0
04		<i>Білім беру</i>	<i>1 663 337,6</i>	<i>1 650 238,5</i>	<i>1 639 009,2</i>
1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	232 303,0	230 399,0	226 000,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	232 303,0	230 399,0	226 000,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	149 044,0	147 140,0	147 103,0
	040	"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға"	83 259,0	83 259,0	78 897,0
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1 183 402,3	1 172 753,8	1 167 674,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 183 402,3	1 172 753,8	1 167 674,0
	003	Жалпы білім беру	1 137 216,6	1 127 666,1	1 122 703,3
	006	Балаларға қосымша білім беру	46 185,7	45 087,7	44 970,7
	9	Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	247 632,3	247 085,7	245 335,3
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	147 632,3	147 085,7	145 335,3
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 909,0	7 909,0	7 890,3
	004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	1 814,0	1 814,0	1 813,8
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқылатар мен оқу-әдістемелік көпешерлерді сатып алу және жеткізу	11 931,3	11 931,3	11 931,3
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	102,5	102,5	102,5
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлеуі	12 037,0	12 037,0	11 625,9
	067	Бесомствольск бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	113 838,5	113 291,9	111 971,6
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	100 000,0	100 000,0	100 000,0
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	100 000,0	100 000,0	100 000,0
06		<i>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</i>	<i>76 110,2</i>	<i>93 928,7</i>	<i>93 776,2</i>
	2	Әлеуметтік көмек	48 531,4	71 668,4	71 516,3
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 362,0	14 362,0	14 218,5
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	14 362,0	14 362,0	14 218,5
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	34 169,4	57 306,4	57 297,7
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	11 046,0	23 217,9	23 217,9
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 243,5	336,5	336,4
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	481,4	481,4	481,4
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекеменшік топтарына әлеуметтік көмек	12 370,0	12 370,0	12 370,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқылатынын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	461,7	461,7	461,6
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	885,0	885,0	880,1
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	3 061,2	2 841,2	2 840,0
	017	Мүгедектерді оңалту және бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	3 630,6	3 630,6	3 630,5
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	990,0	13 082,1	13 079,9
	9	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	27 578,8	22 260,3	22 260,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	27 494,8	22 176,3	22 176,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етулі іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 155,1	16 155,1	16 154,8
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	218,0	218,0	218,0
	025	"Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржыдай көмекті енгізу"	11 121,7	5 803,2	5 803,2
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	84,0	84,0	84,0
	050	"Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру"	84,0	84,0	84,0
07		<i>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</i>	<i>1 327 022,7</i>	<i>566 712,7</i>	<i>565 313,8</i>
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	994 273,3	233 965,3	232 569,8
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1 565,0	35 294,0	35 293,9
	024	Жұмыспен қамту 2020 жыл қарғасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберіндегі жөндеу	1 565,0	35 294,0	35 293,9
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 823,0	2 823,0	2 802,9
	033	"Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жалғастыру және (немесе) сатып алу"	2 823,0	2 823,0	2 802,9

	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	989 885,3	195 846,3	194 473,0
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	62 144,3	62 144,3	62 144,3
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жалғастыру және (немесе) сатып алу	927 741,0	133 702,0	132 328,8
2		Коммуналдық шаруашылық	313 962,3	313 962,3	313 961,8
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 628,5	2 628,5	2 628,0
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	2 628,5	2 628,5	2 628,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10 000,0	10 000,0	10 000,0
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	10 000,0	10 000,0	10 000,0
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	301 333,8	301 333,8	301 333,7
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	201 333,8	201 333,8	201 333,7
	058	"Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту"	100 000,0	100 000,0	100 000,0
3		Елді-мекендерді көркейту	18 787,1	18 787,1	18 782,2
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 787,1	18 787,1	18 782,2
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	7 068,0	7 068,0	7 064,3
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 823,6	2 823,6	2 823,6
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	198,0	198,0	198,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен қоғалдандыру	8 697,5	8 697,5	8 696,3
08		<i>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</i>	<i>150 293,7</i>	<i>150 293,7</i>	<i>150 116,4</i>
1		Мәдениет саласындағы қызмет	69 964,7	69 964,7	69 964,7
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	69 964,7	69 964,7	69 964,7
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	69 964,7	69 964,7	69 964,7
	2	Спорт	9 633,0	9 633,0	9 630,8
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	9 633,0	9 633,0	9 630,8
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 700,0	1 700,0	1 698,8
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	5 478,0	5 478,0	5 478,0
	006	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	329,0	329,0	329,0
	007	Өтпурлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2 126,0	2 126,0	2 124,9
3		Ақпараттық кеңістік	45 486,0	45 486,0	45 380,4
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33 677,0	33 677,0	33 571,4
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	28 783,0	28 783,0	28 689,4
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқытарының басқа да тілдерін дамыту	4 894,0	4 894,0	4 882,0
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	11 809,0	11 809,0	11 809,0
	002	Ізәеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11 809,0	11 809,0	11 809,0
	009	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	25 210,0	25 210,0	25 140,5
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	8 187,0	8 187,0	8 174,8
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 917,0	6 917,0	6 904,8
	032	Беломствольк бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 270,0	1 270,0	1 269,9
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	17 023,0	17 023,0	16 965,8
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 542,0	10 542,0	10 541,7
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 427,6	5 427,6	5 370,7
	032	Беломствольк бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 053,4	1 053,4	1 053,4
10		<i>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</i>	<i>213 564,9</i>	<i>213 564,9</i>	<i>135 807,8</i>
		Ауыл шаруашылығы	29 945,0	29 945,0	26 785,9
1		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9 542,0	9 542,0	9 518,9
	459	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	9 542,0	9 542,0	9 518,9
	099	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	10 390,0	10 390,0	10 384,3
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 390,0	10 390,0	10 384,3
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	10 013,0	10 013,0	6 882,7
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 416,0	6 416,0	6 383,2
	006	Ауру жануарларды санитарлық соқуды ұйымдастыру	216,0	216,0	0,0
	007	Қанғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоқоды ұйымдастыру	500,0	500,0	499,5
	008	Алып қойлылатын және жойлатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2 881,0	2 881,0	0,0
6		Жер қатынастары	151 339,9	151 339,9	80 278,3
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	151 339,9	151 339,9	80 278,3
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 130,0	7 130,0	7 121,0
